

"Инвестициялық қорлар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қаңтардағы N 106 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Инвестициялық қорлар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы
Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Инвестициялық қорлар туралы

Осы Заң Қазақстан Республикасындағы акционерлік инвестициялық қордың құқықтық жағдайын, құрылу ерекшеліктерін, қызметін, қайта ұйымдастырылуын және таратылуын, инвестициялық пай қорының құрылу, жұмыс істеу және жұмыс істеуін тоқтату шарттары мен тәртібін, сондай-ақ бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларының инвестициялық қорлардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі қызметін айқындайды.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) инвестициялық қордың активтері - акционерлік инвестициялық қорға тиесілі немесе инвестициялық пай қорын құрайтын қаржы құралдарының және өзге де активтердің жиынтығы;

2) акционерлік инвестициялық қор - қызметінің айрықша түрі басқарушы компания арқылы оның акцияларын төлеуге осы қоғамның акционерлері қосқан ақшаны, сондай-ақ осындай инвестициялау нәтижесінде алынған активтерді жинақтау және инвестициялау болып табылатын акционерлік қоғам;

3) пай ұстаушы - инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылардың тізілімі жүйесінде немесе нақтылы ұстауды есепке алу жүйесінде жеке шоты бар және инвестициялық пай қорының пайлары жөніндегі құқықтары бар тұлға;

4) түрлендіру - инвестициялық қор активтерінің құнын азайту тәуекелін төмендету мақсатында оларды түрлі қаржы құралдарына және өзге мүлікке орналастыру;

5) сенімгерлік басқару шарты - осы Заңда белгіленген талаптарға сәйкес ақшаны сенімгерлік басқаруға беру туралы басқарушы компанияның акционерлік инвестициялық қормен жасайтын шарты немесе басқарушы компанияның инвестормен ж а с а й т ы н ш а р т ы ;

6) инвестициялық декларация - инвестициялау объектілерінің тізбесін, мақсатын, стратегиясын, шарттарын және инвестициялық қордың активтеріне қатысты инвестициялық қызметті шектеуді, қор активтерін хеджирлеу және түрлендіру ш а р т т а р ы н а й қ ы н д а й т ы н қ ұ ж а т ;

7) инвестициялық шешім - инвестициялық қордың активтерін басқару барысында қабылданатын оның активтерімен мәміле жасау туралы шешім;

8) инвестициялық кіріс - инвестициялық қор активтерін инвестициялау нәтижесінде алынған олардың ақшалай көрсетілген өсімі;

9) инвестициялық қор - осы Заңға сәйкес құрылған акционерлік немесе и н в е с т и ц и я л ы қ п а й қ о р ы ;

10) пайдың нақтылы құны - инвестициялық пай қорының пайларын бастапқы орналастыру кезіндегі пай құнының ақшалай көрінісі;

11) инвестициялық пай қоры - пайларды төлеуден, сондай-ақ оларды өзге де активтерге инвестициялау нәтижесінде алынған пай ұстаушыларға тиесілі және басқарушы компанияның басқаруындағы ақша жиынтығы;

12) пай - инвестициялық пай қорындағы оның иесінің үлесін, инвестициялық пай қорының жұмыс істеуін тоқтатқан кезде оның активтерін сатудан алынған ақшаны алу құқығын және осы Заңда айқындалған инвестициялық пай қоры қызметінің ерекшеліктеріне байланысты өзге де құқықтарды растайтын, шығарылымы құжаттандырылмаған нысандағы атаулы эмиссиялық бағалы қағаз;

13) пайларды бастапқы орналастыру - инвестициялық пай қоры активтерінің ең төменгі мөлшерін қалыптастыру мақсатында пайларды нақтылы құны бойынша о р н а л а с т ы р у к е з е ñ і ;

14) инвестициялық пай қорының ережесі - инвестициялық пай қорының мақсаттарын, жұмыс істеу және жұмыс істеуін тоқтату шарттары мен тәртібін а й қ ы н д а й т ы н қ ұ ж а т ;

15) пайдың есептеу құны - инвестициялық пай қорының таза активтерінің құнын оның айналыстағы пайларының санына бөлу арқылы айқындалатын пай құнының а қ ш а л а й к ө р і н і с і ;

16) инвестициялық қордың таза активтерінің құны - инвестициялық қордың барлық активтерінің құны мен оның міндеттемелері не инвестициялық қор активтері есебінен төленуге жататын есептелген шығыстар арасындағы айырма ретінде айқындалатын инвестициялық қор активтері құнының ақшалай көрінісі;

17) басқарушы компания - инвестициялық портфельді басқаруға берілген лицензия негізінде инвестициялық қор активтерін сенімгерлік басқаруды жүзеге асыратын заңды

т ұ л ғ а ;

18) уәкілетті орган - қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

19) тәуекелмен инвестициялау қоры - инвестициялық қызметі осы инвестициялық қордың акцияларын немесе пайларын ұстаушылар үшін жоғары тәуекелмен байланысты акционерлік инвестициялық қор немесе жабық инвестициялық пай қоры.

2-бап. Қазақстан Республикасының инвестициялық қорлар туралы заңдары

1. Қазақстан Республикасының инвестициялық қорлар туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінен, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзге ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

3. Егер осы Заңда өзгеше белгіленбеген болса, Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы және акционерлік қоғамдар туралы заңдары инвестициялық қорларға қолданылады.

3-бап. Осы Заңның реттеу мәні

1 . О с ы З а ң :

1) акционерлік инвестициялық қорлардың құрылу ерекшеліктеріне, құқықтық жағдайына, қызметіне, қайта құрылуына және таратылуына байланысты;

2) инвестициялық пай қорларын құру, олардың жұмыс істеуі және жұмыс істеуін тоқтату барысында туындайтын;

3) инвестициялық пай қорларының активтерін сенімгерлік басқару, олардың есебін жүргізу мен сақтау, сондай-ақ инвестициялық қорлардың бағалы қағаздарын орналастыру, айналысқа жіберу және сатып алуды қамтамасыз ету бойынша бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларының қызметіне байланысты құқықтық қатынастарды реттейді.

2. Осы Заң қызметі Қазақстан Республикасының басқа заң актілерімен реттелетін, басқарушы компаниялардан басқа, өзге де тұлғалар жүзеге асыратын мүлікті сенімгерлік басқару бойынша қатынастарға қолданылмайды.

3. Осы Заңның нормалары құрылу тәртібі және қызметі Қазақстан Республикасының жекелеген заң актісімен белгіленетін Қазақстанның Инвестициялық қорына қолданылмайды.

4-бап. Инвестициялық қорлардың түрлері

1. Қазақстан Республикасында инвестициялық қорлардың мынадай түрлері жұмыс істейді:

1) акционерлік инвестициялық қор;

2) ашық немесе жабық - екі нысанда құрылуы мүмкін инвестициялық пай қоры.

2. Ашық инвестициялық пай қоры оның пай ұстаушысына басқарушы компаниядан осы Заңда және осы инвестициялық қордың ережелерінде белгіленген жағдайларда, шарттарда және тәртіппен пай сатып алуды талап етуге құқық береді.

Ашық инвестициялық пай қорының пайларын сатып алу жылына кемінде бір рет жүзеге асырылуға тиіс.

3. Жабық инвестициялық пай қоры оның пай ұстаушысына осы қордың пай ұстаушыларының жалпы жиналысына қатысуға, сондай-ақ қор ережелерінде көзделген жағдайларда және тәртіппен пай бойынша дивидендтер алуға құқық береді.

Жабық инвестициялық пай қорының пай ұстаушысы басқарушы компаниядан өзіне тиесілі пайларды сатып алуды талап етуге құқығы жоқ.

4. Инвестициялық декларациясында немесе ережелерінде осы Заңның 41-бабының 1-тармағы 8)-11)-тармақшаларында белгіленген инвестициялау шарттарын сақтамай, қордың активтерін инвестициялау мүмкіндігі көзделген акционерлік инвестициялық қор немесе жабық инвестициялық пай қоры тәуекелмен инвестицияланатын қорлар болып табылады.

5-бап. Инвестициялық қордың атауы

1. Инвестициялық қордың атауында "ұлттық", "орталық", "үкіметтік", "кепілдік берілген" немесе "сақтандырылған" деген сөздерді қай тілде болса да көрсетілген немесе өзгертілген түрінде пайдалануға тыйым салынады. Инвестициялық қордың атауы инвестициялардан түскен кірісті сақтандыруды немесе кепілдік беруді растауға немесе білдіруге тиісті емес.

2. Тәуекелмен инвестицияланатын инвестициялық қордың атауында осы қордың тәуекелмен инвестициялау қоры болып табылатыны көрсетілуге тиіс.

3. Акционерлік инвестициялық қордың атауында "акционерлік инвестициялық қор" деген сөздер болуы тиіс.

4. Инвестициялық пай қорының атауында "инвестициялық пай қоры" деген сөздердің болуы, оның ашық немесе жабық болып табылатыны және оның басқарушы компаниясының атауы көрсетілуі тиіс.

5. Әділет органдарында инвестициялық қор ретінде тіркелмеген және уәкілетті органда инвестициялық қор пайларының шығарылымын немесе акцияларды тіркемеген тұлға өзін инвестициялық қор деп атауға, инвестициялық қор ретінде қызметті жүзеге асыруға және өз атауларында кез келген тіркесте "инвестициялық қор" деген сөздерді пайдалануға құқығы жоқ.

6-бап. Инвестициялық қордың инвестициялық қызметі

Инвестициялық қордың инвестициялық қызметі осы қордың акционерлерінің немесе пай ұстаушыларының кірістер алуы және мұндай инвестициялау кезінде тәуекелдерді төмендетуді қамтамасыз ету мақсатында оның басқарушы компаниясының қор активтерін инвестициялауы болып табылады.

7-бап. Инвестициялық қордың басқарушы компаниясының және кастодианының аудитіне қойылатын талаптар

Б і р а у д и т о р л ы қ ұ й ы м :

- 1) акционерлік инвестициялық қорға және оның басқарушы компаниясына;
- 2) акционерлік инвестициялық қордың және оның кастодианына;
- 3) инвестициялық қордың басқарушы компаниясына және кастодианына бір уақытта бір есептік кезеңге немесе бір күнгі жағдай бойынша аудит жүргізуге құқығы жоқ.

2-тарау. Акционерлік инвестициялық қор

8-бап. Акционерлік инвестициялық қордың құрылтайшыларына және акционерлеріне қойылатын талаптар

1. Тізбесін уәкілетті орган белгілейтін оффшорлық аймақтарда тіркелген заңды тұлғалар акционерлік инвестициялық қордың құрылтайшылары немесе акционерлері б о л а а л м а й д ы .

2. Осы қормен тиісті шарттар жасаған басқарушы компания, кастодиан және тіркеуші акционерлік инвестициялық қордың акционерлері болып табылмайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген тыйым салу тәуекелмен инвестицияланған акционерлік инвестициялық қордың акционерлеріне қолданылмайды .

9-бап. Акционерлік инвестициялық қорларға қойылатын талаптар

1. Акционерлік инвестициялық қор:

1) инвестициялық қор ретіндегі қызметтен басқа қызметтің өзге түрлерін жүзеге а с ы р у ғ а ;

2) "алтын акция" енгізуге;

3) еншілес ұйымдар құруға;

4) жай акцияларды қоспағанда, өзге де қаржы құралдарын шығаруға және о р н а л а с т ы р у ғ а қ ұ қ ы ғ ы ж о қ .

2. Акционерлік инвестициялық қор активтерін басқаруды қор активтерін сенімгерлік басқару шартына және осы қордың инвестициялық декларациясына сәйкес басқарушы компания жүзеге асырады, акционерлік инвестициялық қор активтерін есепке алу мен сақтауды кастодиан шартына сәйкес кастодиан жүзеге асырады.

3. Тәуекелмен инвестицияланған акционерлік инвестициялық қорға қызмет көрсететін аталған ұйымдарды қоспағанда, акционерлік инвестициялық қормен тиісті шарттар жасаған басқарушы компания, кастодиан және тіркеуші өзара аффилиирленген т ұ л ғ а л а р б о л м а у ғ а т и і с .

4. Акционерлік инвестициялық қор бухгалтерлік есеп (қаржылық есеп) стандарттарында және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген шарттар бойынша және тәртіппен өзінің қызметі туралы және өзінің активтері туралы есеп береді.

10-бап. Инвестициялық қордың жарғысы

Акционерлік инвестициялық қордың жарғысында Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған мәліметтерден басқа, мыналар болуға тиіс:

1) оның қызметінің ерекше түрі басқарушы компанияның және кастодианның қызмет көрсетуін пайдалану арқылы оның инвестициялық декларациясының шарттарына сәйкес инвестициялау болып табылатыны туралы ереже;

2) акционерлік инвестициялық қордың органдарын ұстауға арналған шығыстардың түрлері, айқындау және ең жоғары мөлшерлері.

11-бап. Акционерлік инвестициялық қор акцияларының шығарылымын мемлекеттік тіркеу

1. Акционерлік инвестициялық қор акцияларының шығарылымын мемлекеттік тіркеу Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар туралы заңдарының және осы Заңның талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Акционерлік инвестициялық қор акцияларының шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген құжаттардан басқа, акционерлік инвестициялық қордың басқарушы компаниямен, кастодианмен және тіркеушімен жасаған шарттарының жобалары ұсынылады.

3. Акционерлік инвестициялық қор акцияларының шығарылымының проспектісінде, Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған мәліметтерден басқа:

1) инвестициялық декларация;

2) акционерлік инвестициялық қордың акцияларын сатып алуға өтінімдер берудің және оларды орындаудың шарттары мен тәртібі;

3) акционерлік инвестициялық қордың акцияларын (егер олар болса) орналастыру және (немесе) сатып алу бойынша делдалдардың мекен-жайы және байланыс телефондары көрсетілген олардың тізбесі болуы тиіс.

4. Уәкілетті орган өзіне ұсынылған құжаттар Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес келмеген немесе берілген құжаттарда қарама-қайшы, кателесуге әкеп соғатын мәліметтер болған жағдайда акционерлік инвестициялық қордың акцияларын мемлекеттік тіркеуден бас тартуға құқылы.

5. Уәкілетті орган бас тарту негіздемелерін көрсете отырып, акционерлік инвестициялық қордың акцияларын мемлекеттік тіркеуден бас тарту туралы өтініш берушіге жазбаша хабарлауға міндетті.

6. Уәкілетті орган осы Заңның талаптарында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасында құрылған акционерлік инвестициялық қорларды есепке алуды жүзеге асырады.

12-бап. Акционерлік инвестициялық қордың акциялары

1. Акционерлік инвестициялық қордың акциялары Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен тек ақшалай төленеді.

Акцияларды орналастыру кезінде оларды толық төлемеуге жол берілмейді.

2. Акционерлік инвестициялық қордың акцияларын бастапқы орналастыру кезінде сатып алушы акцияларға төлеу үшін ақшаны осы қордың кастодианындағы акционерлік инвестициялық қордың шотына аударады.

3. Тәуекелмен инвестицияланған акционерлік инвестициялық қорлардың акцияларын сауда-саттық ұйымдастырушылардың сауда-саттық жүйесіне орналастыруға және айналысқа жіберуге жол берілмейді.

13-бап. Акционерлік инвестициялық қор органдарының жұмыс істеу ерекшеліктері

1. Акционерлік инвестициялық қордың жалпы жиналысына оның басқарушы компаниясының, кастодианының, тіркеушісінің және аудиторлық ұйымының, сондай-ақ уәкілетті органының өкілдері қатысуға құқылы.

Акционерлік инвестициялық қор акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы жазбаша хабар осы инвестициялық қордың акционерлеріне жалпы жиналыс өткізілетіні туралы хабарлау үшін қордың басқарушы компаниясына, кастодианына, тіркеушіге және аудиторлық ұйым мен уәкілетті органға акционерлік қоғамдар туралы заңдарда және акционерлік инвестициялық қордың жарғысында белгіленген тәртіппен жіберіледі.

2. Акционерлік инвестициялық қордың жарғысымен акциялар шығару проспектісіне оның жарияланған акцияларының жалпы санын, оларды шығару, орналастыру, айналысқа жіберу және сатып алу шарттары мен тәртібін айқындауға, инвестициялық декларацияға өзгерістер мен толықтыруларға қатысты өзгерістер мен толықтырулар енгізу директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылуы мүмкін.

3. Егер осы инвестициялық қордың жарғысында өзгеше белгіленбеген болса басқарушы компаниямен, кастодианмен, тіркеушімен және аудиторлық ұйыммен шарттар жасау туралы шешімдер қабылдау акционерлік инвестициялық қордың директорлар кеңесінің құзыретіне жатады.

14-бап. Акционерлік инвестициялық қордың акцияларын сатып алу

1. Акционерлік инвестициялық қордың акционері осы акционерлік инвестициялық қордың жарғысына немесе акциялар шығару проспектісі не оның құқығына нұқсан келтіретін өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы акционерлердің жалпы жиналысы шешімдер қабылдаған жағдайда ғана, егер акционер осы жалпы жиналысқа қатысса және көрсетілген шешімге қарсы дауыс берсе, өзіне тиесілі акцияларды сатып алуды талап етуге құқылы.

2. Акционерлік инвестициялық қордың акционерлері өздеріне тиесілі акцияларды

инвестициялық декларацияға өзгерістер мен толықтырулар күшіне енген күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде осы қордың жарғысында немесе акциялар шығару проспектісінде белгіленген шарттар бойынша және тәртіппен сатып алуды талап етуге құқылы.

15-бап. Акционерлік инвестициялық қорды қайта ұйымдастыру және тарату

1. Акционерлік инвестициялық қорды ерікті түрде қайта ұйымдастыру (қосу, біріктіру, бөлу және бөліп шығару) және тарату уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген шарттармен және тәртіппен акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

2. Егер акционерлік инвестициялық қордың акцияларын сатып алу нәтижесінде оның жарғылық капиталының мөлшері "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген ең төменгі мөлшерден аз болса, жарғылық капитал азайған күннен бастап екі ай ішінде көрсетілген сәйкес келмеуді жоймаған жағдайда акционерлік инвестициялық қор таратылуға жатады.

3. Акционерлік инвестициялық қорды мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру және тарату соттың шешімі бойынша Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген негіздемелер бойынша инвестициялық қорды мәжбүрлеп тарату туралы сотқа шағым - талап беруге құқылы.

4. Акционерлік инвестициялық қор соттың шешімі бойынша мәжбүрлеп қайта ұйымдастырылған немесе таратылған жағдайда, соттың шешімі заңды күшіне енген кезден бастап жеті күнтізбелік күн ішінде уәкілетті органға сот шешімінің көшірмесімен бірге бұл туралы хабарлама жібереді.

3-тарау. Инвестициялық пай қоры

16-бап. Инвестициялық пай қорының құқықтық жағдайы

1. Инвестициялық пай қоры заңды тұлға болып табылмайды.

Егер инвестициялық пай қорының ережесінде басқаша көзделмесе, қор шектелмеген мерзімге құрылады.

2. Инвестициялық пай қоры активтеріне меншік құқығындағы үлес басқарушы компания шығаратын паймен куәландырылады.

Инвестициялық пай қорының активтерін оның пайларын ұстаушылар арасында бөлуге және олардан мүлік түрінде үлес бөліп алуға жол берілмейді.

3. Инвестициялық пай қоры активтерінің ең төменгі мөлшері елу мың айлық есептік көрсеткішті құрайды.

17-бап. Инвестициялық пай қорын құру

1. Егер инвестициялық пай қорын құру туралы шешім қабылдау қордың жарғысында басқарушы компания акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылмаса, инвестициялық пай қорын құру туралы шешімді осы қордың басқарушы компаниясының директорлар кеңесі қабылдайды.

Егер жарғысында өзгеше белгіленбесе, инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясының директорлар кеңесі инвестициялық пай қорының ережесін бекіту, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешім қабылдайды.

2. Басқарушы компания бір-бірінен инвестициялық декларациялары бойынша айырмашылығы болатын бірнеше ашық және (немесе) жабық инвестициялық пай қорларын құруға құқылы.

3. Басқарушы компания, кастодиан және орталық депозитарий тәуекелмен инвестициялайтын инвестициялық пай қорының жұмыс істеуін қамтамасыз ететін көрсетілген ұйымдарды қоспағанда, жасалған шарттарға сәйкес жұмыс істеуін олар қамтамасыз ететін инвестициялық пай қорларының пайларын ұстаушылар бола алмайды.

18-бап. Инвестициялық пай қорларын біріктіру немесе нысанын өзгерту

1. Қордың ережесінде белгіленген шарттармен және тәртіппен бір нысандағы инвестициялық пай қорларын біріктіруге жол беріледі.

2. Жабық инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылардың жалпы жиналысының шешімімен қордың нысанын ашық инвестициялық пай қорына өзгерту туралы шешім қабылдануы мүмкін.

3. Ашық инвестициялық пай қорының нысанын жабық инвестициялық пай қорына өзгертуге жол берілмейді.

19-бап. Инвестициялық пай қорын сенімгерлік басқару шарты

1. Инвестор сенімгерлік басқару шарты бойынша ақшаны басқа инвесторлардың ақшасымен инвестициялық пай қорына біріктіру және кейіннен оларды осы қордың ережесіне сәйкес инвестициялау мақсатында басқарушы компанияға береді.

2. Инвестициялық пай қорын сенімгерлік басқару шарты басқарушы компания талаптарын айқындайтын қосылу шарты болып табылады. Қордың пай ұстаушысы көрсетілген шартқа тұтастай қосылу арқылы ғана инвестициялық пай қорын сенімгерлік басқару шартының талаптарын қабылдауы мүмкін.

3. Инвестициялық пай қорын сенімгерлік басқару шартында Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген талаптар болуы, сондай-ақ:

1) шартты бұзу және (немесе) қордың жұмысын тоқтату шарттары мен тәртібі;

2) қордың активтерін басқа басқарушы компанияға басқаруға беру, басқарушы компанияның қордың жұмыс істеуін тоқтату жөніндегі, оның ішінде оның инвестициялық портфельді басқаруға лицензиясын қолдануды тоқтата тұрған (

қайтарып алған) жағдайларда, міндеттерін орындау шарттары мен тәртібі;
3) тараптардың жауапкершілігі болуы тиіс.

20-бап. Инвестициялық пай қорының пайларын шығаруды мемлекеттік тіркеу

1. Уәкілетті орган инвестициялық пай қорының пайларын шығаруды мемлекеттік тіркеуді басқарушы компания ұсынған мынадай құжаттар негізінде жүзеге асырады:

1) еркін нысанда жазылған өтініш;

2) басқарушы компанияның жарғысына сәйкес директорлар кеңесі немесе акционерлердің жалпы жиналысы (барлық дауыс беретін акцияларды иеленуші жалғыз акционер) қабылдаған инвестициялық пай қорын құру туралы шешімнің көшірмелері;

3) басқарушы компанияның жарғысына сәйкес оның директорлар кеңесі немесе акционерлердің жалпы жиналысы (барлық дауыс беретін акцияларды иеленуші жалғыз акционер) бекіткен қордың ережесі (екі данада);

4) кастодианмен және орталық депозитариймен жасалған шарттардың көшірмелері;

5) егер көрсетілген құжаттар бұрын уәкілетті органмен келісілмеген жағдайда, Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарының талаптарына сәйкес келетін басқарушы компания қызметінің шарттары мен тәртібін реттейтін, құрылымдық бөлімшелердің және басқарушы компания қызметкерлерінің инвестициялық пай қорын құру, жұмыс істеуін қамтамасыз ету және жұмысын тоқтату жөніндегі ішкі құжаттары (екі данада).

2. Инвестициялық пай қорының пайларына ұлттық бірегейлендіру нөмірлерін беру шарттары мен тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленеді.

3. Инвестициялық пай қорының пайларын шығаруды мемлекеттік тіркеу үшін ұсынылған құжаттарды уәкілетті орган оларды ұсынған күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде қарайды.

4. Пайларды шығаруды мемлекеттік тіркеу барысында уәкілетті орган:

1) инвестициялық пай қорының ережесін;

2) егер көрсетілген құжаттар бұрын уәкілетті органмен келісілмеген жағдайда, Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарының талаптарына сәйкес келетін басқарушы компания қызметінің шарттары мен тәртібін реттейтін, құрылымдық бөлімшелердің және басқарушы компания қызметкерлерінің инвестициялық пай қорын құру, жұмыс істеуін қамтамасыз ету және жұмысын тоқтату жөніндегі ішкі құжаттарын келіседі.

5. Ұсынылған құжаттар Қазақстан Республикасының заңдарының талаптарына сәйкес келген жағдайда уәкілетті орган басқарушы компанияға пайлар шығаруды мемлекеттік тіркеу туралы куәлік беру және олар туралы мәліметтерді Эмиссиялық бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміне енгізу арқылы пайларды шығаруды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырады.

6. Уәкілетті органның басқарушы инвестициялық пай қорының пайларын

шығаруды мемлекеттік тіркеуден бас тарту туралы шешімі мынадай:

1) ұсынылған құжаттар Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес келмеген;

2) инвестициялық пай қорының келісуге ұсынылған ережесінде, оларға өзгерістер мен толықтыруларда және өзге де құжаттарда қайшы келетін немесе жаңылысуға әкеліп соғатын мәліметтер болған жағдайларда қабылданады.

21-бап. Инвестициялық пай қорының пайы

1. Пай сатып алу инвестордың инвестициялық пай қорының сенімгерлік басқару шартына қосылғанын куәландырады.

Пай ұстаушының өз пайын иелігінен алуы сенімгерлік басқару шартының бұзылуын білдіреді.

2. Инвестициялық пай қорының пай ұстаушылары тізілімдерінің жүйесін жүргізуді орталық депозитарий жүзеге асырады.

Инвестициялық пай қорының пай бастаушылары тізілімдерінің жүйесін, пайларды нақтылы ұстауды есепке алу жүйесін жүргізуді, пайлармен жасалған мәмілелерді тіркеу ерекшеліктері орталық депозитарийдің ережелер жинағында айқындалады.

3. Инвестициялық пай қорының пайларын орналастыру, айналысқа жіберу және сатып алу шарттары мен тәртібі осы Заңда, Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарында және қордың ережесінде айқындалады.

4. Инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылар қор активтерін сенімгерлік басқаруға байланысты пайда болған міндеттемелер бойынша жауап бермейді және олардың пайларына тиесілі құн шегінде зиян тәуекелдерін көтереді.

22-бап. Инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылардың құқықтары

1. Ашық инвестициялық пай қорының пайын ұстаушы осы қордың басқарушы компаниясынан осы Заңда және осы қордың ережесінде белгіленген шарттармен және тәртіппен өзіне тиесілі пайды сатып алуды талап етуге құқығы бар.

2. Жабық инвестициялық пай қорының пайын ұстаушы осы қордың пай ұстаушыларының жалпы жиналысына қатысуға, осы жабық инвестициялық пай қорының ережесінде көзделген шарттармен және тәртіппен осы пай бойынша дивидендтерді кезең-кезеңмен алуға құқылы.

3. Инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылар инвестициялық пай қорының ережесіне сәйкес басқарушы компанияның қызметін бақылауды жүзеге асырады.

23-бап. Инвестициялық пай қорының пайларын орналастыру

1. Инвестициялық пай қорларының пайлары Қазақстан Республикасының ұлттық валютасындағы ақшамен ғана төленуге тиіс.

Инвестициялық пай қорларының пайларын сатып алу кезінде оларды толық төлемеуге жол берілмейді.

2. Басқарушы компания инвестициялық пай қорының пайларына төленетін ақшаны орналастырған кезде пайды сатып алушылар оларды осы қордың кастодианына инвестициялық пай қорының шотына аударады.

3. Инвестициялық пай қорының пайлары бастапқы орналастыру кезеңінде қор ережесінде айқындалған барлық инвесторлар үшін бірыңғай нақтылы құн бойынша орналастырылады.

4. Инвестициялық пай қорының пайларын бастапқы орналастыру үш айдан артыққа созылмалы және қор ережесінде көрсетілген мерзімде басталады.

Инвестициялық пай қорының пайларын бастапқы орналастыру кезеңі қор осы Заңда белгіленген инвестициялық пай қоры активтерінің ең аз мөлшеріне қол жеткізген кезде аяқталады.

5. Инвестициялық пай қорының пайларын бастапқы орналастыру аяқталғаннан кейін қордың таза активтерінің құны инвестициялық пай қоры активтерінің ең төменгі мөлшерінен кем болмауы тиіс.

Уәкілетті органның рұқсаты бойынша басқарушы компанияның өтініші негізінде инвестициялық пай қорының пайларын бастапқы орналастыру мерзімін ұзартуға бір рет, бірақ үш айдан аспайтын кезеңге рұқсат етіледі.

6. Инвесторлардың инвестициялық пай қорының пайларын сатып алу пайларды сатып алуға өтінімдері негізінде жүзеге асырылады.

Басқарушы компания инвестициялық пай қорының пайларын сатып алуға өтінімдерді осы қордың ережесінде белгіленген шарттарда және тәртіппен қабылдайды және орындайды.

7. Инвестициялық пай қорының пайын кейіннен орналастыру бағасы егер қордың ережесінде осы көзделген болса, үстемеақы қосыла отырып пайдың есептеу құны негізінде айқындалады.

8. Инвестициялық пай қорларының пайларын сатып алуға өтінімдерді қабылдаудан бастап тартуға:

1) инвестициялық пай қорының ережесінде белгіленген өтінім беру тәртібі мен талаптарын сақтамаған;

2) уәкілетті органның немесе басқарушы компанияның шешімі бойынша инвестициялық пай қорының пайларын орналастыру тоқтатыла тұрған;

3) пай ұстаушылардың біліктілік деңгейіне немесе капиталдандыруға қойылатын қордың ережесінде белгіленген талаптарды орындамаған;

4) Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген өзге де талаптарды орындамаған жағдайларда ғана жол беріледі.

24-бап. Ашық инвестициялық пай қорының пайларын сатып алу

1. Ашық инвестициялық пай қорының пайларын сатып алу инвестициялық пай қоры активтерінің құрамында бар немесе оларды сатудан алынған ақша есебінен,

сондай-ақ осы Заңның талаптарын сақтай отырып заем қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

2. Ашық инвестициялық пай қорларының пайларын бастапқы орналастыру мерзімі ішінде пайларды сатып алуға жол берілмейді.

3. Ашық инвестициялық пай қорларының пайларын сатып алу туралы талаптар пайларды сатып алуға өтінімдер нысанында беріледі.

4. Ашық инвестициялық пай қорының пайларын сатып алуға өтінімдерді басқарушы компания осы қордың ережесінде белгіленген шарттармен және тәртіппен қабылдайды және орындайды.

5. Инвестициялық пай қорының пайларын сатып алу бағасы егер қордың ережесінде осы көзделген болса, жеңілдікті шегеріп тастай отырып пайдың есептеу құны негізінде айқындалады.

6. Ашық инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясы қордың пайларын сатып алуды оларды ұстаушылардың өтінімдері бойынша осы қордың ережесінде белгіленген мерзімдерде және уақыт кезеңдерінде жүзеге асыруға міндетті.

Ашық инвестициялық пай қорының пайларын айына бір реттен сирек сатып алуды жүргізген кезде пайларды сатып алуға өтінімдерді қабылдау кезеңі кемінде үш күнді құрауы тиіс.

7. Ашық инвестициялық пай қорының ережесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда осы қордың пайларын ұстаушылары өздеріне тиесілі пайларды көрсетілген өзгерістер мен толықтырулар күшіне енгізілген күнге дейін отыз күнтізбелік күн ішінде сатып алуды талап етуге құқылы.

8. Ашық инвестициялық пай қорларының пайларын сатып алуға өтінімдерді қабылдаудан мынадай:

- 1) қордың ережесінде белгіленген өтінім беру тәртібі мен талаптары сақталмаған;
- 2) осы Заңда көзделген тәртіппен қордың пайларын сатып алуды тоқтата тұру туралы шешім қабылданған жағдайларда бас тартылуы мүмкін.

25-бап. Инвестициялық пай қорының пайларын кейіннен орналастыру немесе сатып алу кезіндегі үстемеақы және жеңілдіктер

1. Инвестициялық пай қорының ережесінде пайларды кейіннен орналастыру кезінде олардың есептеу құнына үстемеақылар немесе пайларды қор сатып алған кезде олардың есептеу құнына жеңілдіктер қолдану шарттары және мөлшері көзделуі мүмкін.

2. Жеңілдіктің ең жоғары мөлшері инвестициялық пай қорының пайын басқарушы компания сатып алған кезде оның есептеу құнының үш процентінен аспау керек.

3. Инвестициялық пай қорының қызметі тоқтатылған жағдайда немесе ашық

инвестициялық пай қорының ережесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу себебі бойынша оның пайларын сатып алу кезінде пайдың есептеу құнына жеңілдік жасауға жол берілмейді.

26-бап. Инвестициялық пай қорының пайларын орналастыруды және сатып алуды тоқтата тұру

1. Инвестициялық пай қорының пайларын орналастыруды және (немесе) сатып алу ды :

1) инвестициялық пай қорының жұмысын қамтамасыз ететін тұлғалардың немесе қаржы құралдары немесе өзге де мүлкі инвестициялық пай қоры активтерінің құрамына кіретін тұлғалардың Қазақстан Республикасы заңдарының немесе шарт міндеттемелерінің талаптарын бұзған немесе орындауы мүмкін болмаған жағдайларда уәкілетті органның ұйғарымы бойынша;

2) ашық инвестициялық пай қорының ережесіне сәйкес басқарушы компания тоқтата тұрады .

2. Ашық инвестициялық пай қорының пайларын сатып алуды тоқтата тұру кезінде бір мезгілде осы қордың пайларын орналастыру тоқтатыла тұрады.

3. Пайларды орналастыру және (немесе) сатып алу осындай тоқтата тұруға себеп болған бұзушылықтарды жойғанға дейін белгісіз мерзімге тоқтатыла тұруы мүмкін.

4. Пайларды орналастыру және (немесе) сатып алуды тоқтата тұру қажет болған жағдайда басқарушы компания бұл туралы және оларды жою жөніндегі шаралар туралы осындай тоқтата тұру себебін көрсете отырып уәкілетті органға сол күні жазбаша хабарлауға міндетті.

Басқарушы компания орналастыру және (немесе) сатып алу басталған күні уәкілетті органды орналастыру және (немесе) сатып алуды жаңарту туралы хабардар етуге міндетті .

5. Егер бұл қор пайларын ұстаушылардың мүдделеріне сай келмесе, уәкілетті орган басқарушы компанияға инвестициялық пай қорының пайларын орналастыруды және (немесе) сатып алуды тоқтата тұруға тыйым салуға, сондай-ақ осындай тоқтата тұруға себеп болған жағдайларды жойғанға дейін пайларды орналастыру мен сатып алуды жаңартуға тыйым салуға құқылы .

6. Басқарушы компания инвестициялық пай қорының пайларын орналастыруды және (немесе) сатып алуды лицензияның қолданылуы қайта жаңартылған немесе басқа басқарушы компания, қордың басқа кастодианы тағайындалған немесе қордың жұмыс істеуі тоқтатылған күнге дейін бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметтің тиісті түрін жүзеге асыруға басқарушы компанияның немесе кастодиан лицензиясының қолданылуын тоқтату (қайтарып алу) туралы уәкілетті органның хабарламасын алған сәттен бастап тоқтата тұруға міндетті.

27-бап. Инвестициялық пай қорының ережесі

1. Инвестициялық пай қорының ережесінде:

- 1) инвестициялық пай қорының толық және қысқартылған атауы;
- 2) инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясының толық атауы және орналасқан жері;
- 3) инвестициялық пай қоры кастодианының толық атауы және орналасқан жері, оның құқықтары мен міндеттері;
- 4) инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын орталық депозитарийдің толық атауы және орналасқан жері;
- 5) басқарушы компанияның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымдардың және инвестициялық пай қоры кастодианының толық атауы;
- 6) инвестициялық декларация;
- 7) инвестициялық пай қорының активтерін инвестициялық декларацияның талаптарына сәйкес келтіру тәртібі мен мерзімдері;
- 8) инвестициялық пай қоры жұмыс істейтін мерзім, не оның жұмыс істеу мерзімі белгіленбегенін көрсету;
- 9) сенімгерлік басқару шарты;
- 10) инвестициялық пай қорының пайларына инвестициялау кезінде инвесторлардың тәуекелдерін сипаттау;
- 11) инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясының құқықтары мен міндеттері;
- 12) инвестициялық пай қоры пайының бастапқы орналастыру кезеңіндегі нақтылық ұны;
- 13) инвестициялық пай қорының пайларын сатып алуға өтінімдер беру мен орындау шарттары және тәртібі;
- 14) инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылардың құқықтары мен міндеттері;
- 15) инвестициялық пай қоры активтерінің құнын және пайдың есептеу құнын есепке алу және айқындау тәртібі;
- 16) пайларды орналастыру кезінде олардың есептеу құнына үстемеақы есептеуді қолдану шарттары мен тәртібі;
- 17) осы қордың активтері есебінен төлеуге жататын, атқарушы компанияның және инвестициялық пай қорының жұмыс істеуін қамтамасыз ететін өзге де тұлғалардың шығыстары мен сыйақыларының түрлері, айқындау тәртібі және ең жоғары мөлшері;
- 18) басқарушы компания немесе кастодиан инвестициялық пай қорының жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі қызметті бұдан әрі жүзеге асыру мүмкін болмаған немесе бас тартқан жағдайларда, оларды ауыстыру шарттары мен тәртібі;
- 19) инвестициялық пай қорының пайларын орналастыруды тоқтату шарттары мен тәртібі;

20) инвестициялық пай қорының жұмыс істеуінің тоқтатылғандығы туралы ақпарат жариялануға тиісті баспасөз басылымының атауын көрсете отырып, инвестициялық пай қорының жұмыс істеуін тоқтату, оның ішінде қордың жұмыс істеуі тоқтатылған кезде пайларды сатып алу шарттары мен тәртібі;

21) пай ұстаушылардың сұратулары бойынша есеп берудің шарттары мен тәртібі;

22) пай ұстаушылар алдында инвестициялық пай қоры, оның ережесі және оларға енгізілген өзгерістер, қордың таза активтері құнының және пайдың есептеу құнының өзгеруі, пайды орналастыру және сатып алу бағалары туралы, сондай-ақ инвестициялық пай қорының жұмыс істеуін қамтамасыз ететін тұлғалар, олардың қызметінің нәтижелері туралы ақпаратты ашу шарттары мен тәртібі;

23) байланыс телефондарын, орналасқан жерін көрсете отырып, инвестициялық пай қорының пайларын орналастыру және сатып алу жөніндегі делдалдардың (олар бар б о л с а) т і з б е с і .

2. Ашық инвестициялық пай қорының ережесінде осы баптың 1-тармағында көзделген мәліметтермен қатар:

1) пайды сатып алуға өтінім беру және орындау шарттары мен тәртібі;

2) пайларды сатып алуды тоқтату шарттары мен тәртібі;

3) пайлар бойынша дивидендтер есептеу, төлеу шарттары мен тәртібінің мүмкіндігі;

4) басқарушы компания пайды сатып алған кезде оның есептеу құнына жеңілдік қолдану шарттары және есептеу тәртібі;

5) басқарушы компанияның инвестициялық пай қорының ережесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу шарттары мен тәртібі;

6) пай ұстаушылардың тапсырысы бойынша пайларды сол басқарушы компанияның сенімгерлік басқаруындағы басқа ашық инвестициялық пай қорының пайларына айырбастау шарттары, қордың басқарушы компаниясының және кастодиан банктің, сондай-ақ орталық депозитарийдің пайларды айырбастау рәсімін жүргізу ш а р т т а р ы м е н т ә р т і б і ;

7) осы Заңда және қор ережесінде белгіленген тәртіппен ай сайын инвестициялық пай қоры туралы ақпарат жарияланатын бұқаралық ақпарат құралдары туралы мәліметтер болуы тиіс .

3. Жабық инвестициялық пай қорының ережесінде осы баптың 1-тармағында көзделген мәліметтермен қатар:

1) пайлар бойынша дивидендтер есептеу, төлеу шарттары мен тәртібі;

2) инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылардың жалпы жиналысын шақыру және өткізу, күн тәртібін, жалпы жиналыстың кворумын, жалпы жиналысқа өкілдікті, дауыс беру, дауыстарды санауға, жалпы жиналыстың хаттамасын ресімдеу шарттары, тәртібі болуы тиіс.

28-бап. Инвестициялық пай қорының ережесіне өзгерістер мен толықтырулар

1. Ашық инвестициялық пай қорының ережесіне өзгерістер мен толықтырулар, егер осы қордың ережесінде оларды енгізу мүмкіндігі, шарттары және тәртібі көзделсе, басқарушы компанияның шешімі бойынша енгізілуі мүмкін.

2. Жабық инвестициялық пай қорының ережесіне өзгерістер мен толықтырулар пай ұстаушылардың жалпы жиналысының шешімі бойынша енгізіледі.

3. Инвестициялық пай қорының ережесіне өзгерістер мен толықтырулар уәкілетті органмен келісілуі тиіс.

4. Инвестициялық пай қорының пайларын бастапқы орналастыру кезеңінде қордың ережесіне басқарушы компанияның, кастодианның немесе орталық депозитарий атауының немесе орналасқан жерінің өзгеруіне, басқа кастодианмен немесе аудиторлық ұйыммен шарт жасауға, сондай-ақ инвестициялық пай қорының пайларын орналастыру және сатып алу жөніндегі делдалдар тізбесінің өзгеруіне қатысты ғана өзгерістер енгізілуі мүмкін.

5. Уәкілетті орган инвестициялық пай қорының ережесіне өзгерістер мен толықтыруларды оларды басқарушы компания ұсынған күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде қарайды.

6. Ұсынылған құжаттар Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес келген жағдайда уәкілетті орган қор ережесіне өзгерістермен және толықтырулармен келіседі.

Уәкілетті органның инвестициялық пай қорының ережесіне өзгерістермен және толықтырулармен келісуден бас тарту туралы шешімдері:

1) ұсынылған құжаттар Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес келмеген;

2) келісуге ұсынылған ережеге өзгерістер мен толықтыруларда қарама-қайшы немесе жаңылыстыруға әкеп соғатын мәліметтер болған жағдайларда қабылданады.

7. Инвестициялық пай қорының ережесіне өзгерістер мен толықтырулар осы өзгерістер мен толықтырулардың мәтінін, олардың уәкілетті органмен келісілгені туралы көрсете отырып, қордың ережесінде белгіленген тәртіппен баспасөз басылымында жарияланғаннан немесе барлық пай ұстаушылар алғаннан кейін отыз күнтізбелік күн өткеннен кейін күшіне енеді.

Басқарушы компанияның, кастодианның немесе орталық депозитарий атауының, орналасқан жерінің, олардың аудиторлық ұйымдарының өзгеруіне (жаңадан сайлануына), сондай-ақ инвестициялық пай қорының пайларын орналастыру және сатып алу жөніндегі делдалдар тізбесінің өзгеруіне байланысты инвестициялық пай қорының ережесіне енгізілген өзгерістер мен толықтырулар қордың ережесінде белгіленген тәртіппен күшіне енеді.

29-бап. Инвестициялық пай қорының жұмыс істеуін қамтамасыз етуге байланысты сыйақы және шығыстар

1. Инвестициялық пай қорының жұмыс істеуін және жұмыс істеуді тоқтатуын қамтамасыз етуге байланысты сыйақылар мен шығыстардың түрлері, айқындау тәртібі және ең жоғары мөлшері, оларды осы қордың активтері есебінен төлеу шарттары мен тәртібі инвестициялық пай қорының ережесінде айқындалады.

Инвестициялық пай қорының ережесінде айқындалмаған сыйақылар мен шығыстардың түрлері инвестициялық пай қоры активтерінің есебінен өтелуге ж а т п а й д ы .

2. Инвестициялық пай қорының пайларын бастапқы орналастыру кезеңінде басқарушы компанияға сыйақы есептеледі, бірақ төленбейді.

Инвестициялық пай қорының жұмыс істеуін қамтамасыз етуге байланысты осы кезеңнің сыйақылары мен шығыстарын төлеу, оның ішінде кастодиан мен орталық депозитарий көрсететін қызметке ақы төлеу басқарушы компанияның меншікті қаражаты есебінен оның шығындарын кейіннен инвестициялық пай қоры активтері есебінен өтей отырып жүзеге асырылады. Инвестициялық пай қорының қызметі оның пайларын бастапқы орналастыру мерзімі аяқталғанға дейін немесе оның таза активтерінің құны пайларды бастапқы орналастыру аяқталғаннан кейін ең төменгі мөлшерге сәйкес келмеу себебі бойынша жұмыс істеуі тоқтатылған жағдайларда, басқарушы компания қордың пайларын бастапқы орналастыру кезеңінде жұмсалған шығындарды өтеу бойынша зиян шегу тәуекелін өзіне қабылдайды.

30-бап. Жабық инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылардың жалпы жиналысы

1. Жабық инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылардың жалпы жиналысының айрықша құзыретіне мынадай мәселелерді шешу жатады:

- 1) қордың ережесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
- 2) қордың жұмыс істеуін тоқтату;
- 3) қорды басқа жабық инвестициялық пай қорымен біріктіру немесе қорды ашық т ү р г е ө з г е р т у ;
- 4) қордың басқарушы компаниясын немесе кастодианын ауыстыру;
- 5) қордың ережесіне сәйкес өзге де мәселелер.

2. Дауыс беру кезінде пайларды ұстаушыға берілген дауыстардың саны оған тиесілі п а й л а р д ы ң с а н ы м е н а й қ ы н д а л а д ы .

3. Жабық инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылардың жалпы жиналысы жалпы жиналысты өткізу күні қор пайларының кемінде үштен екісін иеленген пай ұстаушылар немесе олардың өкілдері дауыс беру рәсіміне қатысқан кезде шешім қ а б ы л д а у ғ а қ ұ қ ы л ы .

4. Жалпы жиналыстың шешімі жабық инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылардың немесе олардың жалпы жиналысқа қатысқан өкілдерінің жай көпшілік

дауысымен

қабылданады.

5. Жабық инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылардың жалпы жиналысының шешімі қордың ережесінде белгіленген тәртіппен сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін.

6. Басқарушы компанияның, кастодианның, орталық депозитарийдің және уәкілетті органның өкілдері жабық инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылардың жалпы жиналысына қатысуға құқылы.

7. Инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылардың жалпы жиналысы хаттамасының көшірмесін басқарушы компания жалпы жиналыс өткізілген күннен бастап үш күннен кешіктірмей уәкілетті органға жіберуі, сондай-ақ пайларды ұстаушыларға олардың сұратулары бойынша ұсынуы тиіс.

31-бап. Жабық инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылардың жалпы жиналысын шақыру

1. Жабық инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылардың жалпы жиналысын басқарушы компания өз бастамасы бойынша немесе осы қордың пайларын ұстаушылардың жалпы жиналысын шақыру туралы талапты берген күні пайлардың жалпы санының кемінде үштен бірін құрайтын пай ұстаушылардың жазбаша талабы бойынша шақырады.

Басқарушы компания жабық инвестициялық пай қорын сенімгерлік басқару шартын бұзу туралы шешім қабылдаған кезде қордың активтерін басқа басқарушы компанияға басқаруға беру немесе қордың жұмыс істеуін тоқтату туралы мәселені шешу үшін пайларды ұстаушылардың жалпы жиналысын шақыруға міндетті.

2. Басқарушы компанияның бастамасы бойынша жалпы жиналысты шақыруға және өткізуге байланысты шығындарды басқарушы компания көтереді. Бұл ретте қордың ережесінде басқарушы компанияның бастамасы бойынша инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізуге арналған шығыстарын осы қор активтерінің есебінен ішінара өтейтін жекелеген жағдайлар көзделуі мүмкін.

3. Осы қордың пайларын ұстаушылардың жалпы жиналысын шақыру туралы талап берілген күні пайлардың жалпы санының кемінде үштен бірін құрайтын пайларды ұстаушылардың, иеленушілердің бастамасы бойынша жалпы жиналыс шақырылған жағдайда, жалпы жиналысты шақыруға және өткізуге байланысты шығындар инвестициялық пай қорының активтері есебінен өтеледі.

4. Пай ұстаушылардың жабық инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылардың жалпы жиналысын шақыру туралы жазбаша талабында жалпы жиналысты шақыру себебі, сондай-ақ оның күн тәртібі болуы тиіс.

Жалпы жиналысты шақыру туралы жазбаша талап инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясына, кастодианға және орталық депозитарийіне, сондай-ақ уәкілетті органға жіберілуі тиіс.

5. Жабық инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылардың жалпы

жиналысын шақыру туралы хабарлама инвестициялық пай қорының ережесіне сәйкес баспасөз басылымында жариялануы немесе қордың ережесіне сәйкес осы қордың әрбір пай ұстаушысына жіберілуі тиіс.

32-бап. Жабық инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылардың қайта өткізілетін жалпы жиналысы

1. Кворум болмағаны себепті өткізілмей қалған жалпы жиналыстың орнына шақырылған жабық инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылардың қайтадан өткізілетін жалпы жиналысы күн тәртібіне жабық инвестициялық пай қорының ережесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жұмыс істеуді тоқтату туралы мәселелерді шешу кіретін қайтадан өткізілетін жалпы жиналысты қоспағанда, осындай дауыс беруге қатысатын пайлардың санына қарамастан заңды деп есептеледі.

2. Жабық инвестициялық пай қорының ережесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оның жұмыс істеуін тоқтату туралы мәселелерді шешу үшін пай ұстаушылардың қайтадан өткізілетін жалпы жиналысы, егер қатысуға тіркелу (сырттай дауыс беруді өткізген жағдайда бюллетеньдер қабылдау) аяқталған сәтте оған жалпы жиналысты (сырттай дауыс беруді) өткізу күні пайлардың жиынтығы он бес немесе одан астам процентін иеленетін ұстаушылар немесе олардың өкілдері тіркелсе (дауыс беруге бюллетень ұсынса), шешім қабылдауға құқылы.

3. Инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылардың қайтадан өткізілетін жалпы жиналысы осындай күн тәртібімен өткізілмей қалған жиналыстың күнінен кейін кем дегенде он төрт күнтізбелік күннен ерте өткізілмейді.

33-бап. Инвестициялық пай қорының жұмыс істеуін тоқтатуға негіздемелер

1. Инвестициялық пай қорының жұмыс істеуін тоқтату мына жағдайларда жүзеге асырылады:

1) қордың ережесінде белгіленген инвестициялық пай қоры құрылған мерзім өтсе;
2) пайларды бастапқы орналастыру аяқталғанда инвестициялық пай қорының таза активтерінің құны инвестициялық пай қоры активтерінің ең төменгі мөлшеріне қойылатын талапқа сәйкес келмесе;

3) пайларды сатып алу жөніндегі өтінімдерді орындау нәтижесінде инвестициялық пай қоры активтерінің құны инвестициялық пай қоры активтерінің ең төменгі мөлшеріне қойылатын талапқа сәйкес келмесе және осы сәйкессіздік туындаған күннен бастап екі ай ішінде аталған сәйкессіздік жойылмаса;

4) басқарушы компания немесе кастодиан өзінің шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындауға бұдан әрі мүмкіндігі жоқ екендігіне байланысты қор активтерін басқару немесе қор активтерін есепке алу және сақтау бойынша функцияларды бұдан әрі орындаудан бас тарту жөнінде шешім қабылдаса және көрсетілген шешімдерді қабылдаған кезден бастап екі ай ішінде инвестициялық пай қоры ережесіне жаңа басқарушы компания және жаңа кастодиан тағайындауға қатысты

өзгерістер күшіне енгізілмесе;

5) басқарушы компанияның немесе кастодианның бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметтің тиісті түрін жүзеге асыруға берілген лицензиясының қолданылуы тоқтатыла тұрса және үш ай ішінде лицензияның қолданылуы жаңартылмаса немесе жаңа басқарушы компанияны не жаңа кастодиан тағайындауға қатысты инвестициялық пай қорының ережесіне өзгерістер күшіне енгізілмесе;

6) басқарушы компанияның немесе кастодианның бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметтің тиісті түрін жүзеге асыруға берілген лицензиясы қайтарып алынса және лицензияны қайтарып алған кезден бастап екі ай ішінде инвестициялық қор ережесіне жаңа басқарушы компанияны немесе жаңа кастодиан тағайындауға қатысты өзгерістер күшіне енгізілмесе;

7) жабық инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылардың жалпы жиналысы оның жұмыс істеуін тоқтату туралы шешім қабылдаса;

8) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де негіздемелер бойынша тоқтатуды жүзеге асырады.

2. Инвестициялық пай қорының жұмыс істеуін тоқтатуға негіздеме пайда болған кезден бастап инвестициялық пай қорының активтерін сатуды, кредиторлармен есеп айырысуларды жүзеге асыруды және қордың жұмыс істеуін тоқтатуға байланысты шығыстарды төлеуді және қалған ақшаны пайлар ұстаушыларына қайтаруды қоспағанда, оларды иеленуге жол берілмейді.

34-бап. Инвестициялық пай қорының жұмыс істеуін тоқтатуды жүзеге асыратын тұлғалар

1. Инвестициялық пай қорының жұмыс істеуін тоқтатуды қордың басқарушы компаниясы жүзеге асырады. Қордың басқарушы компаниясы жабық инвестициялық пай қорының жұмыс істеуін тоқтату үшін пай ұстаушылардың жалпы жиналысын шақырады және өткізеді.

2. Инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясы лицензиясының қолданылуы тоқтатылған немесе оның лицензиясы қайтарып алынған жағдайда қордың жұмыс істеуін тоқтатуды оның кастодианы жүзеге асырады.

3. Кастодианның лицензияның қолданылуын тоқтата тұрған (қайтарып алған) жағдайларда басқарушы компания лицензияның қолданылуына қарамастан қордың жұмыс істеуін тоқтатады.

4. Басқарушы компания мен кастодиан инвестициялық пай қорының жұмыс істеуі тоқтатылған жағдайда қордың активтерін сатуды, инвестициялық пай қорының кредиторларымен есеп айырысуды жүзеге асыруды, қордың жұмыс істеуінің тоқтатылуына байланысты шығыстарды төлеуді қамтамасыз етуге және қалған ақшаны осы Заңның және қор ережесінің талаптарына сәйкес пай ұстаушылардың арасында

5. Уәкілетті орган инвестициялық пай қорының жұмыс істеуін тоқтатуды бақылау үшін өз өкілін жіберуге құқылы.

35-бап. Инвестициялық пай қорын тоқтату

1. Инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясы немесе кастодианы қордың жұмыс істеуін тоқтатуға негіз басталған кезден бастап үш күн ішінде пай ұстаушыларға, уәкілетті органға, инвестициялық пай қорының жұмыс істеуін қамтамасыз ететін ұйымдарға инвестициялық пай қорының жұмыс істеуін тоқтату, осы рәсімді жүргізу шарттары мен тәртібі туралы хабарлама жіберуі, сондай-ақ қор ережесінде айқындалған баспасөз басылымында осы жөнінде хабарлама жариялауы тиіс.

Баспа басылымдарында көрсетілген хабарламада инвестициялық пай қорының жұмыс істеуін қамтамасыз еткен немесе қор активтерімен орындалмаған (аяқталмаған) мәмілелердегі тараптар болып табылатын кредиторларға талаптар қою тәртібі туралы мәліметтер болуы тиіс.

Кредиторлардың инвестициялық пай қорының активтері есебінен қанағаттандырылуы тиіс талаптарды беру мерзімі қордың жұмыс істеуін тоқтату туралы хабарлама жарияланған күннен бастап бір айдан кем болмауы тиіс.

2. Инвестициялық пай қорының жұмыс істеуін тоқтату кезінде пайларды бастапқы орналастыру мерзімі аяқталғанға дейін немесе пайларды бастапқы орналастыру аяқталғаннан кейін оның таза активтері құнының инвестициялық пай қоры активтерінің ең төменгі мөлшеріне сәйкес келмеуі себепті басқарушы компания немесе кастодиан қордың жұмыс істеуін тоқтатуға негіз туындаған сәттен бастап он күннен кешіктірмей пай ұстаушыларға ақшаны қайтаруға міндетті.

3. Басқарушы компания немесе кастодиан талаптары қор активтерінің есебінен қанағаттандырылуы тиіс кредиторларды анықтау және инвестициялық пай қорының төленген, бірақ ол жұмыс істеп тұрған кезде жеткізілмеген (қордың меншігі ретінде тіркелмеген) активтерін алу жөнінде шаралар қолданады.

4. Кредиторлардың инвестициялық пай қоры активтерінің есебінен қанағаттандырылуы тиіс талаптарды беру мерзімі аяқталғаннан кейін және аталған кредиторлармен есеп айырысулар басталғанға дейін қордың басқарушы компаниясы және (немесе) кастодианы инвестициялық пай қоры активтерінің құрамы мен құны туралы, кредиторлар берген талаптар, қордың төленген, бірақ жеткізілмеген активтері туралы мәліметтер, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген мәліметтерді қарау нәтижелері және кейінгі әрекеттер туралы есеп жасайды және уәкілетті органға жібереді.

36-бап. Инвестициялық пай қорының жұмыс істеуі тоқтатылған кезде міндеттемелерді орындау

1. Инвестициялық пай қорының активтерін сатудан алынған ақша осы Заңның 35-бабының 2-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, мынадай тәртіппен бөлінеді:

1) бірінші кезекте инвестициялық пай қорының жұмыс істеуін қамтамасыз ететін

үшінші тұлғалардың және қордың жұмыс істеуін тоқтатуға негіз туындағанға дейін міндеттемелері құралған өзге кредиторлардың, сондай-ақ пайларды сатып алуға немесе өтемін төлеп алуға өтінімдері ішінара орындалған тұлғалардың (пайларды төлеген, бірақ қор пайларын ұстаушылардың тізіліміне енгізілмеген тұлғалардың және пайларды сатып алуға өтініштері қордың жұмыс істеуін тоқтату үшін негіз болған кезге дейін қабылданған пай ұстаушылардың) шығыстарын төлеу жүзеге асырылады;

2) екінші кезекте инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясы мен кастодианын қоспағанда, инвестициялық пай қорының жұмыс істеуін тоқтату кезеңінде оның активтерін сатуды және пайларын өтемін төлеп алуды қамтамасыз ететін тұлғалардың шығыстарын төлеу жүзеге асырылады;

3) үшінші кезекте, егер қордың жұмыс істеуін тоқтату кастодианның қызметіне, оның лицензиясының кастодиандық қызметке қолданылуына қатыссыз негіздер бойынша жүзеге асырылған жағдайларда инвестициялық пай қоры кастодианының қордың жұмыс істеуін тоқтатуға байланысты шығыстарын төлеу жүзеге асырылады;

4) төртінші кезекте, егер қордың жұмыс істеуін тоқтату басқарушы компанияның қызметіне, оның лицензиясының инвестициялық портфельді басқаруға қолданылуына қатыссыз негіздер бойынша жүзеге асырылған жағдайларда инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясының қордың жұмыс істеуін тоқтатуға байланысты шығыстарын төлеу жүзеге асырылады;

5) бесінші кезекте пай ұстаушылар арасында ақшаны бөлу жүзеге асырылады.

2. Инвестициялық пай қорының жұмыс істеуін тоқтату кезінде пайларды бастапқы орналастыру аяқталғанда инвестициялық пай қоры активтерінің құны осы Заңда айқындалған ең төменгі мөлшерден аз болып қалуына байланысты, қордың жұмыс істеуін тоқтату рәсіміне қатысты басқарушы компанияның шығыстары инвестициялық пай қоры активтерінің есебінен өтелмейді.

3. Басқарушы компанияның инвестициялық портфельді басқаруға берілген лицензиясының қолданылуы тоқтатылуына (қайтарып алынуына) немесе оның бұдан әрі қорды сенімгерлік басқарудан бас тартуына байланысты, сондай-ақ қор кастодианының кастодиандық қызметке берілген лицензиясының қолданылуы тоқтатылуына (қайтарып алынуына) немесе оның бұдан әрі қор активтерін есепке алуды және сақтауды жүзеге асырудан бас тартуына байланысты инвестициялық пай қорының жұмыс істеуін тоқтату кезінде басқарушы компанияның немесе кастодианның қордың жұмыс істеуін тоқтату рәсіміне байланысты шығыстары инвестициялық пай қоры активтерінің есебінен өтелмейді.

4. Басқарушы компанияға және кастодианға берілетін сыйақыны қоса алғанда, инвестициялық пай қорының жұмыс істеуін тоқтатуға байланысты шығыстар инвестициялық пай қорының барлық активтерін сату нәтижесінде алынған ақша сомасының бес процентінен аспайтын мөлшерде инвестициялық пай қорының есебінен өтелмейді.

5. Есеп айырысулар аяқталғаннан кейін он төрт күнтізбелік күн ішінде осы бапқа сәйкес инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясы немесе кастодианы:

- 1) қор кастодианының осы қордың барлық активтерін бөлу туралы хабарламасын;
- 2) орталық депозитарийдің осы қордың пайларын ұстаушылардың тізілімдері жүйесін жабу туралы хабарламаны қоса беру арқылы қордың жұмыс істеуін тоқтату туралы ақпаратты уәкілетті органға ұсынады.

6. Инвестициялық пай қорының жұмыс істеуін тоқтату туралы құжаттарды алғаннан кейін уәкілетті орган Мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар тізіліміне пайларды өтеу туралы мәліметтер енгізеді.

4-тарау. Инвестициялық қор активтерінің құрамы мен құны

37-бап. Инвестициялық қор активтерінің құрамы

1. Инвестициялық қордың активтері қаржы құралдарынан тұрады.

Акционерлік қоғамдар болып табылмайтын тұлғалар шығарған (ұсынған) қаржы құралдары, бағалы қағаздарды қоспағанда, тәуекелмен инвестицияланатын инвестициялық қорлардың активтері ғана болуы мүмкін.

2. Уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде акционерлік инвестициялық қордың активтерін және жабық инвестициялық пай қорының қаржы құралдарынан басқа, өзге де мүлікті салу мүмкіндігі, шарттары және тәртібі көзделуі мүмкін.

3. Инвестициялық қор активтерінің құрамында:

1) осы инвестициялық қордың басқарушы компаниясының басқаруындағы инвестициялық қорлардың акциялары немесе пайлары;

2) осы инвестициялық қордың басқарушы компаниясы шығарған (ұсынған) а к т и в т е р ;

3) коммерциялық емес ұйымдарда акциялары немесе қатысу үлесі;

4) заңдарда белгіленген тәртіппен тіркелген олардың жалпы санының он бес процентінен асатын мөлшердегі бір эмитенттің бір түрдегі бағалы қағаздары болмауы т и і с .

4. Инвестициялық қордың активтері бір эмитенттің бағалы қағаздарына немесе мынадай мөлшерден асатын, бір тұлға ұсынған (шығарған) қаржы құралдарына инвестициялануға тиісті емес:

1) ашық инвестициялық пай қоры үшін таза активтер құнының он бес проценті;

2) акционерлік инвестициялық қор және жабық инвестициялық пай қоры үшін таза активтер құнының жиырма проценті;

3) тәуекелмен инвестицияланатын инвестициялық қор үшін таза активтер құнының о т ы з п р о ц е н т і .

5. Инвестициялық пай қорының пайларын бастапқы орналастыру мерзімі аяқталғанға дейін оның активтері инвестициялық пай қорының басқарушы

компаниясына қатысты аффилиирленбеген екінші деңгейдегі банктердің депозиттеріне және сауда-саттық ұйымдастырушының жоғары санатты тізіміне енген бағалы қағаздарға, сондай-ақ өтеу күніне дейінгі қалған кезең бір жылдан аспайтын мемлекеттік бағалы қағаздарға және агенттік облигацияларға инвестициялануы мүмкін.

6. Инвестициялық қорлардың бір басқарушы компанияның басқаруындағы активтерін инвестициялаудың жиынтық көлемі, сондай-ақ басқарушы компанияның және оның аффилирленген тұлғаларының меншікті активтері Қазақстан Республикасының бір банкінің дауыс беретін акцияларының он және одан астам п р о ц е н т і б о л м а у ы т и і с .

7. Инвестициялық қор активтерінің құрамына осы бапта белгіленгендерден өзге талаптар осы қордың инвестициялық декларациясында айқындалады.

38-бап. Инвестициялық қор активтерінің құнын айқындау

1. Инвестициялық қор активтерінің құны және инвестициялық қордың таза активтері бухгалтерлік есеп стандарттарында (қаржылық есеп), уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде, сондай-ақ акционерлік инвестициялық қордың инвестициялық декларациясында немесе инвестициялық пай қорының ережелерінде белгіленген шарттармен, әдістемемен және тәртіппен айқындалады.

2. Инвестициялық қор активтерінің құнын айқындау Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен жүргізіледі.

3. Уәкілетті орган инвестициялық қор активтерінің құнын, пайдың есеп айырысу құнын, пайлардың кейінгі орналастыру немесе сатып алу бағасын жаңылыс бағалау әдістері қолданылғанда немесе жаңылыс есептеген жағдайда басқарушы компаниялар үшін орындауы міндетті нұсқаулар беруге құқылы.

5-тарау. Инвестициялық қордың активтерін басқару

39-бап. Инвестициялық қордың инвестициялық декларациясы

1. Инвестициялық декларацияда мыналар болуы тиіс:

1) инвестициялық қордың инвестициялық саясатының мақсаттарын, міндеттерін с и п а т т а у ;

2) инвестициялық қордың инвестициялау объектілерінің тізбесі, мәміле түрлері, инвестициялау шарттары мен лимиттері;

3) инвестициялық қор активтерін хеджирлеу және түрлендіру шарттары;

4) инвестициялық декларацияда айқындалған объектілерге инвестициялауға байланысты тәуекелдерді сипаттау;

5) осы Заңда көзделген инвестициялық саясат бойынша шектеулер;

6) туынды бағалы қағаздармен, оларды кері сату (сатып алу) міндеттемесімен активтерді сатып алу (сату) мәмілелерін жасау, сондай-ақ ұйымдаспаған бағалы

қағаздар рыногында кез келген мәміле жасау мүмкіндігі туралы нұсқаулар.

2. Акционерлік инвестициялық қордың инвестициялық декларациясында осы баптың 1-тармағында көрсетілген мәліметтерден басқа мыналар болуы тиіс:

1) акционерлік инвестициялық қордың басқарушы компаниясының, кастодианының, тіркеушісі мен аудиторлық ұйымының толық атауы, олардың лицензияларының деректемелері және мекен-жайы;

2) акционерлік инвестициялық қор активтерінің құнын және оның акцияларының құнын есепке алу және айқындау тәртібі;

3) акционерлік инвестициялық қордың активтері есебінен төленуге жататын басқарушы компанияға, кастодианға, тіркеуші мен өзге де тұлғаларға төленетін шығыстар мен сыйақылардың түрлері, айқындау тәртібі және ең жоғары мөлшері;

4) дивидендік саясаты.

3. Акционерлік инвестициялық қордың инвестициялық декларациясына өзгерістер мен толықтырулар олар бекітілген күннен бастап бес күн ішінде уәкілетті органға келісуге ұсынылады.

Акционерлік инвестициялық қордың инвестициялық декларациясына өзгерістер мен толықтырулар баспасөз басылымында жарияланғаннан кейін немесе барлық акция ұстаушылар қордың жарғысында белгіленген тәртіппен оларды уәкілетті органмен келісу туралы көрсете отырып, осы өзгерістер мен толықтыруларды алғаннан кейін отыз күнтізбелік күн өткен соң күшіне енеді.

40-бап. Инвестициялық қордың басқарушы компаниясының қызметі

1. Басқарушы компания осы Заңның, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің, сенімгерлік басқару шартының талаптарына және (немесе) инвестициялық қордың келісілген ережесіне сәйкес іс-әрекетті жасау арқылы осы қордың пайларын ұстаушылардың мүдделері үшін инвестициялық пай қорын сенімгерлік басқаруды жүзеге асырады.

2. Инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясы дауыс беретін акциялары осы қордың активтерінің құрамына кіретін акционерлік қоғам акционерлерінің жалпы жиналысындағы қордың пай ұстаушыларының өкілі болып табылады.

3. Инвестициялық қорды басқарушы компания осы Заңда, сенімгерлік басқару шартында немесе қордың ережелерінде көзделген шарттармен және тәртіппен инвестициялық декларацияға немесе қордың ережесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізуге бастамашылық етуге құқылы.

4. Басқарушы компания қордың активтерін сенімгерлік басқару жөніндегі қызметке байланысты инвестициялық пай қорының пай ұстаушыларының өкілі ретінде әрекет етуге, сондай-ақ пай ұстаушылардың мүдделерімен сотқа шағым-талап ұсынуға

қ ұ қ ы л ы .

5. Инвестициялық қордың басқарушы компаниясы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы бола алмайды.

**41-бап. Инвестициялық қордың активтерін басқару
бойынша қызметті жүзеге асыруға байланысты тыйым
салулар**

1. Басқарушы компанияның өзі басқаратын инвестициялық қорға қатысты:

1) нәтижесінде Қазақстан Республикасы заңдарының, инвестициялық декларацияның немесе инвестициялық қор ережесінің талаптары бұзылатын мәмілелер ж а с а у ғ а ;

2) инвестициялық қор активтерін өтеусіз иеліктен шығару жөнінде инвестициялық ш е ш і м д е р қ а б ы л д а у ғ а ;

3) инвестициялық қордың активтерін осы қордың активтерін басқару жөніндегі қызметке байланысты емес өзінің міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету үшін немесе үшінші тұлғалардың міндеттемелерін орындау үшін пайдалануға;

4) өзінің активтерін инвестициялық қор активтерінің құрамында сатуға (беруге);

5) инвестициялық қордың активтерімен маржа бойынша мәмілелер жасауға немесе заем қаражатын пайдалана отырып активтерін кредитке сатып алуға (сатуға);

6) инвестициялық қор активтерінің есебінен қайтарылуға тиісті ақшаны немесе өзге де мүлікті инвестициялық декларацияға немесе инвестициялық қордың ережелеріне сәйкес сауда-саттықты ұйымдастырушылардың сауда жүйелерінде қаржы құралдарымен мәмілелер жасауға, не осы баптың 2-тармағында айқындалған шарттарды сақтай отырып инвестициялық қордың акцияларын немесе пайларын сатып алу үшін осы қор активтері жетіспеген кезде ақша нысанында заем ақшасын пайдалану жағдайларын қоспағанда, заем шарттарының талаптарымен алуға;

7) сенімгерлік басқару шартына, жарғыға, инвестициялық декларацияға немесе қордың ережелеріне сәйкес шығыстарды өтеу және сыйақы алу, сондай-ақ осы баптың 2-тармағында айқындалған шарттарды сақтай отырып, басқарушы компанияның ашық инвестициялық пай қорының пайларын сатып алу үшін пайдаланған ақша сомасын өтеу жағдайларын қоспағанда, өзі басқаратын инвестициялық қордың активтерін сатып а л у ғ а ;

8) аукцион әдістерімен сауда-саттықты ұйымдастырушылардың сауда жүйелерінде жасалған мәмілелерді қоспағанда, өзі басқаратын басқа инвестициялық қордың активтерін инвестициялық қор активтерінің құрамына сатып алуға;

9) инвестициялық қордың активтері есебінен басқарушы компанияның аффилиирленген тұлғаларынан инвестициялау объектілерін сатып алуға не аукцион әдісімен сауда-саттықты ұйымдастырушының сауда жүйелерінде жасалған мәмілелерді қоспағанда, оларға осы компанияның басқаруындағы инвестициялық қордың а к т и в т е р і н с а т у ғ а ;

10) бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған рыногында инвестициялық қор активтерінің құрамына осы қордың кастодианы, сондай-ақ қордың басқарушы компаниясының немесе кастодианының аффилиирленген тұлғалары шығарған бағалы қағаздарды сатып алуға;

11) қамтамасыз етпей мәмілелер жасауға ("қысқа сатулар") немесе сауда-саттықты ұйымдастырушының сауда жүйелерінде жасалатын қаржы құралдарымен мәмілелерді қоспағанда, мұндай міндеттемелерді қабылдау сәтінде инвестициялық қор активтерінің құрамына жатпайтын активтерді тапсыру бойынша міндеттемелерді қабылдауға құқығы жоқ.

2. Акцияларды немесе пайларды сатып алу үшін алынған заемның кез келген түрлері бойынша инвестициялық қор активтерінің есебінен өтелуге тиісті берешектердің жиынтық көлемі инвестициялық қордың таза активтері құнының он процентінен аспауы тиіс.

Акцияларды немесе пайларды сатып алу үшін заем қаражатын тарту мерзімі (ұзарту мерзімін қосқанда) үш айдан аспауы тиіс.

Ашық инвестициялық пай қорының пайларын сатып алуға арналған заем ақшасын пайдаланғаны үшін сыйақы төлемдері басқарушы компанияның өз қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

3. Тәуекелмен инвестицияланатын инвестициялық қорлардың басқарушы компанияларына осы баптың 1-тармағының 8)-11) тармақшаларының талаптары қолданылмайды.

42-бап. Инвестициялық қордың басқарушы компаниясының міндеттері

1. Инвестициялық қордың басқарушы компаниясы:

1) инвестициялық қор активтерінің құнын, қозғалысын, құрамын және құнын есепке алуға, сондай-ақ пайларды одан әрі орналастырған немесе сатып алған кезде олардың құнын есептеуге;

2) бухгалтерлік есептің стандарттарында (қаржылық есеп) белгіленген талаптарға және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес инвестициялық пай қоры активтерінің бухгалтерлік есебін бөлек жүргізуді және олар бойынша есеп беруді жүзеге асыруға;

3) инвестициялық қор активтерінің құнын, қозғалысын және құрамын кем дегенде айына бір рет кастодианмен мерзімді салыстырып тексеруді жүзеге асыруға;

4) мерзімді, бірақ кемінде айына бір рет акционерлік инвестициялық қорға немесе инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушыларға қордың таза активтерінің құрамы және құны, сондай-ақ инвестициялық пай қоры пайының есептік құны туралы сенімгерлік басқару шартының талаптарына немесе қордың ережелеріне сәйкес хабарлауға;

5) осы Заңның талаптарына сәйкес инвестициялық қор жөнінде ақпарат ашуға

м і н д е т т і .

2. Басқарушы компания инвестициялық қордың активтерімен мәмілелерді жасаған кезде мүддесінде іс-әрекет ететін инвестициялық қордың атауын көрсетуге міндетті. Көрсетілген талап бұзылған жағдайда басқарушы компания қабылданған міндеттемелерді өз есебінен орындайды.

3. Басқарушы компания инвестициялық пай қорының пайларын бастапқы орналастыруды аяқтағаннан кейін үш күн ішінде кастодианмен бірлесіп инвестициялық пай қорының таза активтерінің құнын есептеуге және пайларды бастапқы орналастыру нәтижелері туралы есепті уәкілетті органға ұсынуға міндетті.

43-бап. Инвестициялық қордың басқарушы компаниясының аудиті

Инвестициялық қордың басқарушы компаниясының жыл сайынғы аудиторлық есептерінде басқарушы компанияның қордың инвестициялық мақсаттарға қол жеткізуі туралы аудиторлық ұйымның пікірі, сондай-ақ:

1) инвестициялық қордың активтеріне және олармен операцияларға қатысты есеп жүргізу және есеп жасауды;

2) инвестициялық қор активтерінің құрамын;

3) инвестициялық қор активтерінің құнын бағалау, сондай-ақ пайдың есептеу құнын, инвестициялық пай қорының пайларын орналастыру және сатып алу бағаларын а й қ ы н д а у т ә р т і б і н ;

4) инвестициялық қордың активтерімен жасалған мәмілелерді;

5) инвестициялық қор активтерінің құнын, қозғалысын және кастодианмен салыстырып тексеру жүргізудің тәртібі мен нәтижелерін, құрамын, пайларды кейіннен орналастыру немесе сатып алу кезіндегі олардың есеп айырысу құнын тексеру нәтижелері туралы мәліметтер болуға тиіс.

6-тарау. Инвестициялық қордың активтерін есепке алу және сақтау

44-бап. Инвестициялық қор активтерінің сақталуын қамтамасыз ету

1. Инвестициялық қордың активтерін кастодиан өзінің меншікті активтерінен және оның өзге клиенттерінің активтерінен бөлек есепке алады және сақтайды.

2. Кастодиан инвестициялық қордың активтерін есепке алу және сақтау мақсатында, сондай-ақ қордың активтерін сенімгерлік басқаруға байланысты операциялар бойынша есеп айырысу үшін шотты сенімгерлік басқаруды қордың басқарушы компаниясы жүзеге асыратынын көрсете отырып шоттар ашады (жүргізеді).

3. Басқарушы компанияның немесе қор кастодианының акционердің немесе пайлар ұстаушының міндеттемелері бойынша инвестициялық қордың активтерінен өндіріп алуға қуынуына, оның ішінде аталған субъектілер таратылған және (немесе) банкрот

болған жағдайларда жол берілмейді.

Акционерлердің немесе инвестициялық қордың пай ұстаушыларының міндеттемелері бойынша оларға тиесілі акциялардан немесе пайлардан өндіріп алуға б о л а д ы .

4. Басқарушы компания немесе инвестициялық қордың кастодианы дәрменсіз немесе банкрот деп танылған немесе жарияланған жағдайда инвестициялық қордың активтері конкурстық (тарату) массаға қосылмайды.

45-бап. Инвестициялық қор кастодианының міндеттері

1 . К а с т о д и а н :

1) инвестициялық қордың акцияларын немесе пайларын орналастыруға және сатып алуға бақылауды жүзеге асыруға;

2) инвестициялық қор активтерімен мәмілелерді бақылауды жүзеге асыруға және олар Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына, акционерлік инвестициялық қордың акциялар шығару проспектісіне немесе инвестициялық пай қорының ережесіне сәйкес болмаған жағдайда бұл жөнінде уәкілетті органға, басқарушы компанияға және егер бұл акционерлік инвестициялық қор болса, онда оның атқарушы органына тез арада хабарлай отырып, басқарушы компанияның тапсырмасын оқшаулауға (о р ы н д а м а у ғ а) ;

3) инвестициялық қор активтерінің құнын, қозғалысын және құрамын есепке алуды жүзеге асыруға ;

4) инвестициялық қор активтерінің құнын, қозғалысын және құрамын мерзімді, бірақ кемінде айына бір рет басқарушы компаниямен салыстырып тексеруге;

5) инвестициялық қордың активтерін есепке алуды және сақтауды жүзеге асыруға кастодиандық шарттың қолданылуы тоқтаған кезде жаңа кастодианға осы қор бойынша қордың активтері мен құжаттарын беруге;

6) инвестициялық қордың басқарушы компаниясының қызметінде анықтаған бұзушылық туралы олар байқалған сәттен бастап келесі күннен кешіктірмей уәкілетті органға жазбаша хабарлауға ;

7) инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясының инвестициялық портфельді басқару бойынша қызметті жүзеге асыру лицензиясы қайтарып алынған жағдайда ашық инвестициялық пай қорының жаңа басқарушы компаниясын таңдауға не қор ережесінде белгіленген талаптармен және тәртіппен жабық инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылардың жалпы жиналысын шақыруды қамтамасыз етуге не инвестициялық пай қорының жұмыс істеуін тоқтатуды жүзеге асыруға міндетті.

46-бап. Инвестициялық қор кастодианының аудиті

Инвестициялық қордың активтерін есепке алуды және сақтауды жүзеге асыратын кастодианның жыл сайынғы аудиторлық есептерінде:

1) инвестициялық пай қорының активтеріне және олармен операцияларға қатысты есеп жүргізуді және есеп жасауды ;

- 2) инвестициялық қор активтерінің құрамын;
- 3) қор активтерінің құнын, сондай-ақ пайдың есептеу құнын, пайларды орналастыру және сатып алу бағасын бағалау тәртібін;
- 4) басқарушы компаниямен инвестициялық қор активтерінің құнын, қозғалысын және құрамын, сондай-ақ пайларды келесі орналастырған немесе сатып алған кезде олардың есептеу құнын салыстырып тексеру тәртібін және нәтижелерін;
- 5) инвестициялық қордың активтерін және инвестициялық қор активтеріне құқықтарды куәландыратын құжаттарды сақтау тәртібін тексеру нәтижелері туралы мәліметтер болуы тиіс.

7-тарау. Инвестициялық қор туралы ақпаратты ашу

47-бап. Инвестициялық қор туралы ақпаратқа қойылатын талаптар

1. Инвестициялық қор туралы ақпарат Қазақстан Республикасы заңдарының, жарғының, инвестициялық декларацияның, акционерлік инвестициялық қордың акциялар шығару проспектісінің талаптарына және инвестициялық пай қорының ережесіне сәйкес болуы тиіс.

2. Инвестициялық қор туралы ақпаратта:

1) инвестициялық қордың атауы, оның басқарушы компаниясы лицензиясының атауы, берілген күні және нөмірі, инвестициялық пай қорының ережелерін тіркеу нөмірі мен күні;

2) инвестициялық қор туралы егжей-тегжейлі ақпаратты алуға болатын орындар туралы (мекен-жайын және телефон нөмірлерін көрсете отырып) ақпарат болуы;

3) инвестициялық қор акцияларының немесе пайларының есепті құнының өсуі, сол сияқты төмендеуі мүмкін екендігі туралы нұсқау болуы тиіс.

3. Инвестициялық қор және басқарушы компания туралы ақпарат шынайы емес немесе жаңылыстыратын мәліметтер, сондай-ақ:

1) акционерлік инвестициялық қордың немесе басқарушы компанияның инвестициялық қызметінің болашақтағы кірістілігіне, оның ішінде оның бұрынғы нақты қызметі туралы ақпаратқа негізделген қандай да бір кепілдік;

2) өзге оқиғаға немесе үш жылдан астам өткен кезеңге қатысты басқарушы компанияның инвестициялық қызметінің нәтижесіне елеулі ықпал ете алатын факторлар туралы мәлімдемелер;

3) басқарушы компанияның инвестициялық қызметінің инвестициялық қордың таза активтерінің кірістілігі мен құнының есебіне негізделмеген көрсеткіштерін салыстыру;

4) инвестициялардың қауіпсіздігіне кепілдікті және көрсетілген инвестицияларға байланысты ықтимал кірістер немесе шығасылар мөлшерінің тұрақтылығын қамтитын болашақ инвестициялар туралы мәлімдемелер;

5) акционерлік инвестициялық қордың немесе басқарушы компанияның басқару дағдылары немесе сипаттамалары, сондай-ақ олардың мемлекеттік органдармен, өзге де тұлғалармен байланыстары туралы асыра айтылған немесе расталмаған мәлімдемелер болмауы тиіс.

4. Акционерлік инвестициялық қор Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясы өз қызметі, инвестициялық қордың таза активтерінің құрамы мен құнын сипаттайтын көрсеткіштер туралы ақпараттың мазмұнына, оның ішінде нақты емес, толық емес немесе жаңылыстыратын ақпаратты таратқаны немесе жариялағаны үшін, сондай-ақ уақтылы таратылмағаны немесе жарияланбағаны үшін жауапкершілік атқарады.

5. Тәуекелмен инвестицияланатын инвестициялық қор туралы мәліметтер бұқаралық ақпарат құралдарында орналастырылмайды және сыртқы (көрнекі) жарнама құралдарымен таратылмайды.

48-бап. Акционерлік инвестициялық қордың немесе инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясының ақпарат ұсынуы

1. Акционерлік инвестициялық қор, инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясы және оның акцияларын немесе пайларды сатып алу және (немесе) өтеуін төлеп алу өтінімдерін қабылдау орындарындағы делдалдары әлуеттік инвесторларға, акционерлерге немесе пай ұстаушыларға:

1) акционерлік инвестициялық қордың жарғысын, инвестициялық декларациясын, акциялар шығару проспектісін немесе инвестициялық пай қорының барлық бекітілген (келісілген) өзгерістері мен толықтырулары бар ережесін;

2) инвестициялық қор активтерінің, инвестициялық қордың таза активтерінің құрамы және құны, кез келген өткен күнге бір пайдың есептеу құны туралы мәліметтерді;

3) өткен қаржы жылы үшін инвестициялық қордың жұмыс істеуін қамтамасыз ету бойынша олардың қызметін тексеру нәтижелерімен қоса акционерлік инвестициялық қордың, басқарушы компанияның немесе инвестициялық қор кастодианының аудиторлық есебінің үзінді-көшірмесін;

4) акционерлік инвестициялық қордың, басқарушы компанияның, кастодианның және инвестициялық қордың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін өзге де субъектілердің кез келген өткен кезең үшін инвестициялық қор активтерінің есебінен өтелуге жататын сыйақылары мен шығыстарының ықтимал және нақты мөлшерлері туралы мәліметтерді;

5) басқарушы компанияға және инвестициялық қордың кастодианына олардың инвестициялық қордың активтерін басқаруы, есепке алуы және сақтауы бойынша қызметіне байланысты қолданылған санкциялар туралы мәліметтер;

6) акционерлік инвестициялық қор, инвестициялық пай қорының басқарушы

компаниясы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің немесе қор ережесінің талаптарына сәйкес таратқан өзге де ақпаратты ұсынуға міндетті.

2. Инвестициялық қордың акцияларын немесе пайларын орналастыру мен сатып алу бағасы, бір пайдың есептеу құнын айқындау әдісі, кез келген өткен күнге бір пайға есептеу арқылы қордың таза активтерінің құны (оның ішінде оның өтеуін төлеп алу кезінде бір акцияға есеп айырысу немесе бір пай) туралы, акцияларды немесе пайларды сатып алуға немесе өтеуін төлеп алуға өтінімдерді қабылдаудың басталу мен аяқталу мерзімі, уақыты туралы, қордың акцияларын немесе пайларын орналастыруды, сатып алуды тоқтата тұру немесе қайта жаңарту жағдайлары, пайларды орналастырған және сатып алған кездегі делдалдар туралы ақпарат әлуееттік инвесторларға, акционерлерге немесе пай ұстаушыларға акционерлік инвестициялық қордың жарғысында, инвестициялық декларациясында, акциялар шығару проспектісінде немесе инвестициялық пай қорының ережелерінде көрсетілген жағдайларда, тәртіппен және тәсілдермен ұсынылады.

3. Акциялар немесе пайлар орналастыру және (немесе) сатып алу процесін тоқтата тұру немесе қайта жаңарту туралы шешім қабылданған жағдайда, акционерлік инвестициялық қор немесе инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясы мұндай шешім қабылданған күннен бастап бес күнтізбелік күн ішінде себептерін көрсете отырып, бұл жөнінде хабарлама жариялауға (таратуға) міндетті.

8-тарау. Қорытынды ережелер

49-бап. Қазақстан Республикасының инвестициялық қорлар туралы заңдарын бұзғаны үшін жауапкершілік

Қазақстан Республикасының инвестициялық қорлар туралы заңдарын бұзғаны үшін кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілік атқарады.

50-бап. Осы Заңды күшіне енгізу тәртібі

1. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді.

2. "Қазақстан Республикасындағы инвестициялық қорлар туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 6 наурыздағы Заңының күші жойылды деп танылсын (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 5, 57-құжат; N 13-14, 205-құжат; 1998 ж., N 17-18, 224-құжат; 2003 ж., N 11, 56-құжат).

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті